

БЕКІТЕМІН

«Тайтөбе ауылының ЖОББ»
КММ директорының міндетін
атқарушы
Алиев Е.Б.

« 01 » 08 2023 ж.



КЕЛІСЕМІН

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Киепов А.М.

« 30 » 08 2023 ж.

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА

қаралды
Хаттама №1
Бірлестік жетекшісі
Букепов Н.Н.

« 31 » 08 2023 ж.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалім: Қуаныдық Фараби Қуандықұлы

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

“Тоғызқұмалақ” үйірмесі мектептің оқушыларына арналған. Үйірме аптасына 2 сағат, жылына 68 сағатқа берілген.

Үйірменің басты мақсаты – оқушының ойлау қабілетін жақсарту, дамыту, жылдам әрі тиімді шешім қабылдауды, ойын тактикаларын, өмірлік маңызы бар дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбиелердің міндеттеріне сәйкес жеке тұлғаны үйлесімді қалыптастыру, дамыту. Еліміздің ертеңгі азаматтары, бүгінгі оқушыларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қастерлеуге, шығармашылық-рухани және дене мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған.

Үйірменің негізгі міндеттері:

оқушыларды туған халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеуге ынтасын ояту; ұлттық спорт түрі – тоғызқұмалақ ойыны арқылы оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту; Тарихқа құрметпен қарауға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін берік қалыптастырған азаматты тәрбиелеу;

Курстың басты ерекшелігі сол, орта мектептің оқу бағдарламасында оқытылмайды.

Тоғызқұмалақ - әлемдік мәдениеттің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтыны осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жасөспірімдердің дене күшінің мол болуымен қатар ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан. Бүгінгі таңда дүниежүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды мәнге ие болып отыр. Өйткені, жеке тұлғаның біліктілік қасиеттері осындай ойындар арқылы шыңдала түседі. Зияткерлік ойындар дегеніміз – ой шығармашылығын дамытатын спорт түрі. Оның тағылымдық-тәрбиелік, танымдық құндылықтарының өзінде терапиялық сипаты қаншама. Тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат, го, овари секілді ойындар жасөспірімдердің бойында сабырлылық, төзімділік, есептегіштік, ойшылдық қасиеттерді қалыптастырумен қатар, кең ақыл, жүйрік қиял иесі болуына да жағдай жасайды. Мысалы, Жапонияда го зияткерлік ойынын білу – қызметке қабылдау мен көтерілудің бір шарты ретінде тіркелген. Ал Англия мен Бельгияда тоғызқұмалаққа ұқсас овари ойыны сабақ ретінде оқытылады. Тіпті африкалықтар осы овариді төл математикамыз деп мақтан тұтады. Чехия мен Англияда жыл сайын зияткерлік ойындар олимпиадасын өткізіп, ел бюджетіне қыруар қаржы түсіреді. Сондықтан болар бүгінгі күні әрбір тәуелсіз ел ұлттық спорт түрлерін қарқынды түрде насихаттап, адамзаттың игілігіне айналуы үшін аянбай тер төгуде.

Пәнаралық байланыс. Бейіндік курстың тақырыптарын игеру барысында оқушылар тарих, валеология, дене тәрбиесі, т.б. пәндердің оқулықтарын пайдалана алады.

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарламаны оқыту барысында оқушылар келесі нәтижелерге қол жеткізуі тиіс:

- Тоғызқұмалақ ойынын толық меңгеру;
- Осы ойын түрінен аудандық, облыстық, қалалық жарыстарда жүлделі орындар алу;
- Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына қатысуы;
- Курстың құрылымы мен мазмұны сабақты дәріс, жарыс, тәжірибелік т.б. түрінде өткізумен анықталады.

Ойынның мақсаты және жүрісті есептеу жолдары

«Тоғызқұмалақты» ойнаушылардың алдарына қоятын негізгі мақсаты – кем дегенде өз қазанына 82 құмалақ жинап, қарсыласын ұтып шығу. Екі жақтың бірдей ұтуы, не ұтылуы мүмкін емес. Ұтыс бір ойыншыға ойын аяқтаған соң: а) бір ойыншы өз қазанына 82 құмалақ жинап үлгерсе; ә) жүріс кезегі келгенде қарсыластың отауларында жүрер құмалақтары болмай, яғни тоғызқұмалақ тілінде қарсылас ойыншы «атсырап» қалып, екінші ойыншы отаулардағы қалған құмалақтарды өз қазанына салып алғанда, құмалақтардың саны 82-ден кем болмаса; б) уақыт белгілеп ойнаған жарыстарда қарсылас жақтың белгіленген жүрістерге берілген уақыты біті қалып, екінші ойыншы екі жақтың барлық отауларында қалған құмалақтарды қазанына салып алғанда, ондағы құмалақтардың саны 82-ден кем болмаса беріледі. Ойын аяқталған соң, ойыншылардың қазанындағы құмалақтардың саны 81-ден болса, ойын «тең ойын» деп бағаланды. «Тоғызқұмалақ» ойынында «тең ойын» өте сирек кездеседі.

«Тоғызқұмалақта» «тең ойын» болуының басты шарты – екі жақтың да тақта бетінде «тұздықтардың» болмауы. Егер екі ойыншыда да, немесе біреуінде «тұздық» болмайтын болса, «тең ойын» категориясы кездеспейді. «Тоғызқұмалақ» ойынының жарыстарында ойыншылар өз қазанына 82 құмалақ ұтып алғаннан кейін де ойынды тоқтата салмай, аяғына дейін жеткізуі керек. Бұл ойынның қандай есеппен аяқталғанын білу үшін қажет. «Тоғызқұмалақ» ойынын үйренушілерге бір ескерте кететін нәрсе – тақ санды құмалағы бар отаулар тоғызқұмалақ тілінде – «ашық», жұп санды құмалағы бар отаулар – «жабық» отаулар деп аталады. Әркім өз отауын жабық, ал қарсыласының отауын ашық етуге тырысуы жөн. «Тоғызқұмалақта» да ұтқан ойыншы 1 ұпай алады. Ал ұтылған 0 ұпай, егер тең ойнаса 0,5 ұпайды бөліседі. «Тоғызқұмалақ» ойынын үйренушілер ойынды аспай-саспай, байсалды ойнауға дағдылану керек. Жарыстарда немесе жай кездесулерде ойыншылар ойын басталысымен артық сөздерді қойып, өздерінің ішінен ойлап отыру керек. Бұрын қолданып жүрген ереже бойынша «мына отауыңыз ашық па, жабық па? Мына отауыңызда қанша құмалақ бар?» деп дауыстып сұрауға рұқсат етілмейді. Жүрістерді есептегенде отауларды қол жүгіртіп есептеуге, қазандағы немесе отаулардағы құмалақтарды шұқып немесе алақанға салып санауға жол берілмейді. Ойын кезінде әрбір жүріс белгілі бір жоспарды жүзеге асыру үшін жасалатындықтан, ойыншы отауда жатқан құмалақтарды қолына алатын болса, сол отаудан міндетті түрде жүру керек. Егер ойыншы отауда жатқан құмалақтарды реттеп қойғысы келсе, алдын ала: «реттеп қоямын» деп ескертуі қажет. Ойыншы өзінің кезекті жүрісін жасамастан бұрын, оны ойша бірнеше рет мұқият тексеріп, дұрыс деп тапса, қағазға жазып алғаннан кейін ғана жүруі 15 керек. Ал сол жүрістен бірнеше құмалақ ұтылып қалған жағдайда, жасалған жүрісті қайтып алуға немесе қайтарып беруге рұқсат етілмейді. Егер ойын басталып кетіп, бірнеше жүріс жасалғаннан кейін кейбір отауларға құмалақтардың артық тасталғаны, немесе тасталмай кеткені байқалса, ойын басынан тексеріліп, айыпты ойыншыға ескерту жасалады да тиісті жерден қайтадан басталып ойналуы керек. Жаңадан үйренушілер «Тоғызқұмалақ» ойынының ережесімен қатар, осы нұсқауларды да жақсы білуі керек. Табиғатты тым қызғылықты боп келетін «Тоғызқұмалақ» ойынының барлық тәртібін тек жарыстарда ғана емес, сонымен бірге барлық жай кездесулерде де сақтай білудің жақсы нәтижелерге жеткізетіні даусыз. «Тоғызқұмалақ» ойынының бір ерекшелгі әрі басқа ойындардан артықшылығы - әр отаудың реттік саны мен оның ішінде жатқан құмалақтар саны сол отаудың шабуыл мүмкіншілігін, яғни соңғы құмалақтың дәл қай номерлі отауға барып

түсетіндігін керсете алатындығы. Сондықтан ойын барысында, қай отауға қанша құмалақ жиналса да соңғы құмалақ қарсыластың немесе өз жағының отаудағы құмалағы сенің ашық отауына қауіп төндіріп тұрғандығын қатесіз тез арада ойша есептеп біліп отыруға болады.

Ойыншы ұстанымы

Ар-ұждан – бұл ойыншының басты ішкі адамгершілік қасиеті, оның айбыны, ізгі жаны және таза ары.

1. Өз отанының адал азаматы болу.
2. Шығармашыл, өз ойлары мен істерінде дербес, іс-әрекеттері мен ниеттерінде игілікті де парасатты болу.
3. Қандай жағыдай болмасын сыпайылық пен кішіпейілділік танытып, өзін-өзі ұстай білу, белгіленген қоғамдық тәртіп ережелері мен жеке адамдар қарым-қатынастарының қағидаларын сақтау.

Оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде қойылатын талаптар

1. Оқу топтарын жинақтауда спорттық шеберліктің жас ерекшелігі заңдылықтары ескеріліп, ғылыми негізделген көпжылдық дайындық жүйесі негізге алынады.
2. Апталық оқу-жаттығу жүктемелерін көбейту мен келесі жаттығу топтарына қатынасуы жалпы және арнайы дене дайындығы бойынша бақылау сынақтарын орындағанына, спорттық жетістіктерінің деңгейіне қарай жүзеге асырылады.
3. Жаттығушылардың жасы туылған жылымен анықталады және оқу топтарына тіркеу үшін ең төменгі деңгей болып есептеледі. Көрсетілген жас шамамен тек екі жыл артық болғанда рұқсат етіледі.
3. Белгіленген апталық оқу-жаттығу жүктемесі ең жоғарғы деңгей болып есептеледі.
4. Бөлімдегі белгіленген оқу топтарының саны ең аз деңгей болып есептеледі.
5. Оқу-жаттығу жиындары кезеңінде оқу топтарының толықтырылуы және оқу-жаттығу жұмыстарының ережесі топтардың толыққандылығына сәйкес белгіленеді.

Тоғызқұмалақ ойынының қағидасы, заңдылықтары

Ережеде тақтада ойналатын зияткерлік ойынға қатысты, әрі ойын барысында кездесетін барлық жағыдайды ескере бермейді және ұйымдастыру мәселелерінің барлығын қамти алмайды. Ереженің бабымен толық реттелмейтін жағыдайлардың шешімі, ережеде қаралатын ұқсас жағыдайлардың негізінде жарыстың Бас төрешілер алқасының жиналысында қабылданады. Ереже төрешілердің қажетті құзыретке ие, ой-білімі жеткілікті және үнемі нақты болатына сүйенеді. Тоғызқұмалақ ойынының мәні – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру, кез-келген жанның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру. Тоғызқұмалақ-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты. Бұл ойын ең жетілген спорт түрлерінің бірі ретінде адамзатты жаңа шыңдарға жетелейтін ойы кең, рухы биік, саналы тұлғаларды тәрбиелеудің қуатты құралы бола алады.

Заңдылықтары:

- тоғызқұмалақ ережелерін қолданудың бір ізділігін қамтамасыз ету, жарыс өткізу

жүйесін бір қалыпқа келтіру;

- спорттық шеберлікті және зияткерлік қабілетті арттыру;
- ұлттық ойынды халық арасында кеңінен насихаттау және ары қарай дамыту.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жылдық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Тоғызқұмалақ ойыны туралы түсінік	1	
2	«Тоғызқұмалақ» тарихы	1	
3	Тоғызқұмалақ ойынының мақсаты мен оның ережелері	1	
4	Тоғызқұмалақ ойынының қағидасы, заңдылықтары	1	
5	Ойын ережесін түсіндіру	1	
6	Тоғызқұмалақ отаулары мен олардың аттары	1	
7	Жүріс жасау ерекшеліктері	1	
8	Тұздық алу ережесі	1	
9	Ойын сабағы	1	
10	Атсырау ережесі	1	
11	Ойынды жазып ойнау тәртібі	1	
12	Жүріс дәлдігі	1	
13	Ойын сабағы	1	
14	Жүріс саны	1	
15	Тоғызқұмалақ есептері	1	
16	Отаудағы құмалақтарды өрістетуге	1	

17	Ойын сабағы	1	
18	Тоғықұмалақ ойының теориясы және кодексі	1	
19	2 құмалақ ұтып алуға арналған есептер	1	
20	3 құмалақ ұтып алуға арналған есептер	1	
21	4 құмалақ ұтып алуға арналған есептер	1	
22	5 құмалақ ұтып алуға арналған есептер	1	
23	Ойын сабағы	1	
24	Тұздықтың атқаратын қызметі	1	
25	Тұздық берудің ерекшеліктері	1	
26	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: комбинация	1	
27	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: шабуылдау	1	
28	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: қорғану	1	
29	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: байлау қою	1	
30	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: тұздық алу	1	
31	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: тұздық беру	1	
32	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: тұзақ құру	1	
33	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: айырбасқа шақыру	1	

34	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: жүріс қысқарту	1	
35	Тоғызқұмалақ ойынындағы тактикалық тәсіл: жүріс көбейту	1	
36	Ойын сабағы	1	
37	Айырбасқа шақыру тәсілі	1	
38	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Тектұрмас» бастамасы	1	
39	Ойын сабағы	1	
40	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Атөтпес» бастамасы	1	
41	Ойын сабағы	1	
42	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Атсыратар» бастамасы	1	
43	Ойын сабағы	1	
44	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Бел» бастамасы	1	
45	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Белбасар» бастамасы	1	
46	Ойын сабағы	1	
47	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Қандықақпан» бастамасы	1	
48	Ойын сабағы	1	
49	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Қырғыз қорғанысы»	1	
50	Ойын сабағы	1	
51	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Тараз және Зайсан қорғанысы»	1	

52	Ойын сабағы	1	
53	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Көкмойын» бастамасы	1	
54	Ойын сабағы	1	
55	Тоғызқұмалақ бастамалары: «Маңдай» бастамасы	1	
56	Ойын сабағы	1	
57	Байлау қойып ойнау	1	
58	Ойын сабағы	1	
59	Шабуыл жасау	1	
60	Ойын сабағы	1	
61	Тұздық алу	1	
62	Ойынның басы	1	
63	Ойын ортасы	1	
64	Ойынның соңы	1	
65	Ойын сабағы	1	
66	Тоғызқұмалақ этютер	1	
67	Жарысты ұйымдастырушының міндеті	1	
68	Қорытынды сабақ	1	

2023-2024 оқу жылына арналған «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жоспары,
барлығы 68 сағат, аптасына 2 сағат

Тоғыз құмалақ секциясының кестесі.

Күні	Уақыты
Сәрсенбі-Бейсенбі	10:30-11:30

Тоғыз құмалақ үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі.

№	Оқушының аты-жөні	Сынып
1	Исламбек Нұрсұлтан	5 А
2	Құрманбекұлы Ерәмір	5 Ә
3	Данабек Сұлтан	5 Ә
4	Дабылбай Айзере	5 В
5	Бақтияр Қарақат	5
6	Молдабай Ұлдана	6
7	Серік Рахим	
8	Нұрдаулетқызы Акерке	
9	Нұрдаулетұлы Абдулла	5
10	Молдабай Нурсая	5
11	Ерболқызы Мира	4 Б
12	Галымжан Ерасыл	4 В
13	Қайратқызы Інжу	3 Б
14	Серікбай Ернар	4 В
15	Тілеуберген Жаннұр	3
16	Жаксыбай Нурасыл	4 Ә
17	Жаксыбай Айяру	6 Б
18	Жаксыбай Бекжан	8 Б